


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 737	▼ -1,66%	▲ 14,8%
NASDAQ	22 870	▼ -2,29%	▲ 18,6%
DJIA	47 457	▼ -1,65%	▲ 11,9%
CBOE Volatility Index (VIX)	20	▲ 14,22%	▲ 11,5%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 808	▼ -1,05%	▲ 18,7%
DAX	2 020	▼ -1,27%	▲ 18,4%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	27 073	▲ 0,56%	▲ 38,0%
Nikkei 225	50 037	▼ -2,01%	▲ 25,4%
Shanghai SE	4 030	▲ 0,73%	▲ 23,5%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 000	▼ -0,18%	▲ 23,3%

## Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарығындағы сауда қорытындылары төмендеумен аяқталды: S&P 500 индексі 1,66% төмендеп \$6 737,49 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 2,29% төмендеп \$22 870,35 болды; DJI 1,65% азайып \$47 457,22 құрады. S&P 500 индексінің 11 секторының 9-ы сауда барысында құлдырады. Herizгі аутсайдерлер Information Technology (-2,7%), Communication Services (-1,5%) және Real Estate (-1,3%) секторлары болды. Өсім Consumer Staples (+0,2%) және Materials (+0,02%) секторларында байқалды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 988 497 595 139	▼ -1,6%	▼ -2,1%	▲ 8,2%
Consumer Discretionary	6 423 806 095 602	▼ -1,3%	▼ -1,4%	▲ 4,9%
Consumer Staples	3 175 326 095 745	▲ 0,2%	▼ -1,2%	▼ -5,9%
Energy	1 651 217 517 087	▼ -0,1%	▲ 8,1%	▼ -1,3%
Financials	8 081 756 039 111	▼ -1,3%	▲ 1,6%	▲ 5,3%
Industrials	4 691 340 988 450	▼ -1,3%	▼ -0,3%	▲ 1,6%
Information Technology	20 455 406 831 716	▼ -2,7%	▼ -0,4%	▲ 22,6%
Materials	928 423 671 426	▲ 0,0%	▲ 0,5%	▼ -6,8%
Real Estate	1 095 861 169 546	▼ -1,3%	▼ -3,4%	▼ -10,7%
Utilities	1 341 481 177 889	▼ -1,3%	▼ -2,5%	▼ -13,9%
Health Care	5 446 344 523 938	▼ -0,4%	▲ 3,9%	▼ 0,7%

Бейсенбі күні Уолл-стриттегі сауда айтарлықтай төмендеумен аяқталды. Nvidia және жасанды интеллект саласындағы өзге де жетекші компания акцияларының күрт құлдырауы нарыққа қысым көрсетті. Инфляция тәуекелдерінің сақталуы және АҚШ экономикасының жағдайына қатысты ФРЖ өкілдерінің көзқарасындағы айырмашылықтар инвесторларды пайыздық мөлшерлемелердің одан әрі төмендеуіне қатысты күмәндануға итермеледі.

АҚШ үкіметінің алты аптаға созылған жұмыс тоқтауынан кейін нарық қатысушыларының назары келесі аптада жарияланатын кейінге қалдырылған экономикалық деректерге ауысты. Бұл көрсеткіштер ФРЖ-ның биылғы жылы мөлшерлемені тағы да төмендету ықтималдығы азайған жағдайда ерекше мәнге ие болып отыр.

Соңғы күндері ФРЖ-ның көптеген өкілдері ақша-кредит саясатын одан әрі жұмсартудың қажеттілігіне қатысты күмән білдіре бастады. Желтоқсандағы мөлшерлемені төмендету ықтималдығы нарықтың күтулерде іс жүзінде нөлге дейін төмендеді. Олар инфляциялық қысымның сақталып отырғанын және АҚШ-та биыл екі рет төмендетілген мөлшерлемелерден кейін еңбек нарығының тұрақтылық белгілерін көрсетіп отырғанын атап өтті.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	341	0%	24,6%
Банк ЦентрКредит	5 005	0%	118,4%
Kcell	3 317	0%	-1,9%
Казатомпром	29 365	-1%	43,6%
КазТрансОйл	829	-1%	0,7%
КЕГӨК	1 399	0%	-8,0%
Kaspi.kz	40 299	0%	-26,5%
КазМунайГаз	22 475	0%	53,6%
Эйр Астана	862	-1%	-24,6%



Бұған дейін небәрі бірнеше апта бұрын фьючерстік нарықтардың бағалауы бойынша желтоқсандағы мөлшерлемені төмендету дерлік кепілді саналатын. Алайда күтулердің жылдам қайта қаралуы енді келесі толыққанды төмендетудің тек наурызда болуы мүмкін екенін көрсетті. Сонымен қатар ФРЖ ішінде пікір айырмашылықтары айқындала түсті: президент тағайындайтын басшылар саясатты жұмсартуға бейім болса, өңірлік банктердің жетекшілері мұндай қадамға аса дайын емес.

Түзету соңғы жылдары ең жылдам өсіп келген компаниялардың акцияларын да қамтыды. Инвесторлар жасанды интеллектке байланысты оптимизммен қалыптасқан жоғары бағалауларға абай қарай бастады. Нәтижесінде Nvidia акциялары 3,6%, Tesla — 6,6%, ал Broadcom — 4,3% төмендеді.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	523,94	-0,05%	-0,1%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,02	-0,54%	-21,2%
EUR/USD	1,1631	0,34%	13,3%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



---

## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.